

2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 22.1-бабының 4) тармақшасынан үзінді

22-1-бап. Шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың және орналастырудың шарттары мен тәртібі

1. Ұйым - Қазақстан Республикасының резиденті уәкілетті органның тиісті рұқсаты болған кезде ғана мынадай негізгі шарттар сақталған жағдайда шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асыруға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының осы резиденті бұрын шығарған эмиссиялық бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне енгізілген болса;

2) шығарылымын уәкілетті орган тіркеген облигацияларды орналастыру кезінде:

осы облигациялар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қор биржасы тізімінің санаттарына енгізілуге тиіс;

осы облигацияларды шет мемлекет аумағында орналастыру басталғанға дейін олар, тиісті бағалы қағаздар рыногына тән ықтимал ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сатып алуға ұсынылған болуға тиіс, ал ұсыну кезіндегі осы облигацияларды орналастыру бағасын айқындаудың шарты оларды шет мемлекет аумағында орналастыру кезіндегі шарттарымен бірдей болу керек;

3) шығарылымы шет мемлекеттің заңдарына сәйкес тіркелген облигацияларды орналастыру кезінде:

осы облигациялар бойынша қор биржасының оларды уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қор биржасы тізімінің санаттарына енгізуге келісімі алынуға тиіс;

осы облигацияларды шет мемлекет аумағында орналастыру басталуымен бір мезгілде олар, тиісті бағалы қағаздар рыногына тән ықтимал ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сатып алу үшін ұсынылуға тиіс, ал ұсыну кезіндегі осы облигацияларды орналастыру бағасын айқындаудың шарты оларды шет мемлекет аумағында орналастыру кезіндегі шарттарымен бірдей болу керек;

4-тармақшаға ҚР 05.06.06ж. №146-III (ескі ред. қараңыз) заңына; ҚР 19.02.07ж. №230-III (ескі ред. қараңыз) заңына сәйкес өзгерістер енгізілді.

4) акцияларды, сондай-ақ акционерлік қоғамның бастамасы бойынша немесе оның қатысуымен шығарылатын және базалық активтері осы акционерлік қоғамның акциялары болып табылатын туынды бағалы қағаздарды орналастыру кезінде:

осы акциялар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қор биржасы тізімінің санаттарына енгізілуге тиіс;

қоғамның уәкілетті органының акцияларды орналастыру туралы шешімі осы акциялардың жалпы санының кемінде жиырма проценті Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында сатып алуға ұсынылуға тиіс деген шартты қамтуы қажет. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында сатып алу үшін ұсынылуға тиіс акциялардың саны, егер осындай сан осы акцияларды басым сатып алу құқығын іске асырудың нәтижесі болса, орналастырылатын акциялардың жалпы санының жиырма процентінен кем болуы мүмкін;

